



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел. 55-66-31, 55-66-35, факс. 55-72-94

№
12.04.14 № 2 ге

Мұнайшы» ҮЖИК басқарма төрағасы Доржигулова Ж. С. өтінішін қарастыру қорытындысы бойынша құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының

Қаулысы

Астана қаласы

2017 жылдың 12 сәуірі

Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы берілген материалдарды қарастырып, Доржигулова Ж.С жылу бойынша қызмет көрсету желілерінің нашар жай-күйі, «Астанаэнергосбыт» ЖШС жылу және электр энергиясымен жабдықтау қызметтері үшін тұтынушылардан негізсіз қаражат талаптары, «Астанатеplotранзит» АҚ жылу энергиясын тұтыну үшін жоғары тарифтерді қолдануы, «Астана Су Арнасы» МКК төтенше жағдайлар жою кезінде сапасыз қызмет көрсеткені туралы қозғаған мәселелерін талқылап, «Астанаэнергосбыт» ЖШС, «Астанатеplotранзит» АҚ, «Астана Су Арнасы» МКК жауаптарын «Табиғи монополияларды реттеу және Бәсекелестікті қорғау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті» РММ зерттегеннен кейін, электр энергетикасы саласы, электр сақтау нормативтік құқықтық актілерінің, жылу энергиясын пайдалану Ережелерінің, электр энергиясын пайдалану Ережелерінің сараптамасы негізінде келесіні ұсынады:

1. «Мұнайшы» ҮЖИК «Астанаэнергосбыт» ЖШС жылу энергиясын тұтыну үшін тарифтердің өсуімен келіспеуі бойынша, сот «Астанаэнергосбыт» ЖШС жылу энергиясын тұтыну үшін тарифтерді өсіру талаптарын қанағаттандырған «Астанаэнергосбыт» ЖШС мен «Табиғи монополияларды реттеу және Бәсекелестікті қорғау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті» РММ арасындағы сот талқылауының материалдарын зерттеп, тұрақты комиссия өтініш берушіге тарифтің өсуі фактісімен келіспеушілігін білдіру үшін сотқа жүгіну ұсынылады.

2. Астана қаласының әкімдігіне ұсынылады:

- «Астана Су Арнасы» МКК Бөкейхан көшесі бойынша, Ақмола көшесінен Абай даңғылына дейін орналасқан Д=300-400 мм су құбыры

желілерін қайта құру бойынша 2018 жылы жоспарланған жұмысты уақтылы бастауын;

- «Астана Су Арнасы» МКК желілерді коммуналдық қабылдауға дайындығы туралы ақпаратқа сәйкес, «Астана Су Арнасы» МКК «ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС-нен Бөкейхан көшесі бойындағы №2, №4 үйлеріне жайғастырылған су құбыры желілерін коммуналдық меншігіне қабылдауды бақылауды қамтамасыз ету.

3. Есептеу аспаптарына қызмет көрсету бойынша мәселені реттеуге қатысты қолданыстағы заңнамадағы нормаларға, оның ішінде, Табиғи монополия субъектілерінің қызметін тұтынушының коммуналдық қызметті реттейтін есептеу аспаптарының болуы міндеттерін қарастыратын «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, Коммуналдық қызметті көрсету Ережелеріне негізделі отырып, «Астанатеплотранзит» АҚ-ға заңда белгіленген міндеттерін орындауда «Мұнайшы» ҮЖИК-ге көмек көрсету ұсынылады. «Астанатеплотранзит» АҚ жылу пунктіне қызмет көрсету бойынша мамандандырылған мекемені жалдау туралы талабына келетін болсақ, жылу энергиясын қолдану Ережелеріне сәйкес тұрмыстық қажеттіліктері үшін жылу энергиясын қолданатын тұтынушыларға қатысты емес норма әрекеті негізінде, «Астанатеплотранзит» АҚ жоғарыда аталған талапты нысанның дайындық төлқұжатын жасау кезінде қолдануға жол бермеу ұсынылады.

4. Электр энергетикасын реттеу саласындағы мемлекеттік органдарына энергия тұтынушыларын барынша қанағаттардыру үшін нарықта тұтынушыларға электр және жылу энергиясын жеткізушілерді таңдау құқығын қамтамасыз ететін бәсекелестік жағдайды қалыптастыруға көмектесу ұсынылады.

**Құрылыс, экология, көлік,
сауда және тұрғын үй коммуналдық
шаруашылық мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссия төрағасы**



С. Жүнісов